

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қалалық комиссия туралы Ережені бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 104 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 21 сәуірде N 895 тіркелді

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы N 131 Қазақстан Республикасы Заңының 5, 6-баптарына, 7-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, 7-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қалалық комиссия туралы Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Д.Қ.Көтербековке жүктелсін.

Қала әкімі

Б е к і т і л д і

қала әкімдігінің "Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қалалық комиссия туралы Ережені бекіту туралы"

2003 ж. 31 наурыздағы N 104 қаулысымен

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қалалық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қалалық комиссия (бұдан әрі - комиссия) консультативті-кеңесші орган болып табылады және шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында құрылған.

2. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен қызмет аясы

3. Комиссияның негізгі міндеттері болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Заңын жүзеге асыру бойынша іс-шараларды жүргізуге көмек көрсету;
- 2) тиісті мемлекеттік органдарға салықтық ауыртпалықтарды азайту мәселелері

б о й ы н ш а

У С Ы Н Ы С Т а р

əz i r l e y ;

3) меншікті және активтерді жария ету мәселелері жөніндегі ұсынымдар енгізу;

4) несиелік ресурстарға қол жеткізуді жеңілдету жөнінде іс-шаралар жүргізуге

Ұ С Ы Н Ы М Д А Р

д а я р л а у ;

5) әкімшілік рәсімдер мен рұқсат берулерді жеңілдету мәселелері бойынша

у сы н ы с т а р

əz ɪ r l e u ɣ e

қ а т ы с у ;

6) кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің сындарлы бастамаларын қолдау, әрбір кәсіпкердің экономикалық дамыған мемлекетті құруға және республика азаматтарының әл-ауқатын арттыруға белсенді ұстанымда болуын насихаттау;

7) шағын және орта бизнесті қолдау және қорғау жөнінде нысаналы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіруге және іске асыруға көмек көрсету.

4. Жүктелген міндеттерге сәйкес комиссияның қызметі болып табылады:

1) заңдармен белгіленген тәртіпте кәсіпкерлердің мүдделерін және заңды қ ұ қ ы қ т а р ы н қ о р ғ а у ;

2) мемлекеттік, аумақтық және салалық шағын және орта бизнесті қолдау және іс жүзінде бағдарламаларын әзірлеуге, үйлестірілуі мен жүзеге асырылуына қатысу;

3) шағын және орта бизнестің салалық, кәсіподақтық және аумақтық одақтарымен, қауымдастықтары мен бірлестіктерімен, басқа да кәсіпкерлік құрылымдармен ә р е к е т т е с ү ;

4) уәкілетті мемлекеттік органмен, сондай-ақ шағын және орта бизнеске қолдау басқа да жүргізетін мемлекеттік органдармен, келісілген шешімдер шығару үшін, шағын және орта бизнес саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге тұрақты әрекеттестікті жүзеге асыру;

5) тиісті мемлекеттік органдар өкілдерінің, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының, сондай-ақ кәсіпкерлердің өздерінің қатысуымен тақырыптық отырыстар өткізу;

б) заңдармен белгіленген тәртіпте комиссия жұмысына ғалымдар, беделді кәсіпкерлер, басқару органдары өкілдері және басқа да мамандар арасынан сарапшылар мен кеңесшілер тарту;

7) заңдармен белгіленген тәртіпте орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпараттық, талдаулық, анықтама-статистикалық материалдар, сондай-ақ ведомстволық нормативтік құқықтық актілер алу.

3. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

5. Комиссияға төраға-қала әкімінің орынбасары басшылық етеді.

6. Комиссия төрағасының орынбасары - экономика бөлімінің бастығы, комиссия хатшысы - экономика бөлімінің маманы болып табылады.

7. Комиссияның жеке құрамын әкімнің ұсынысы бойынша қала мәслихаты бекітеді.

8. Комиссия құрамына бірінші басшының орынбасары немесе бөлім бастығы деңгейінде мемлекеттік органдар өкілдері, қоғамдық бірлестіктер, сауда-өнеркәсіптік палата, шағын бизнес, шағын кәсіпкерлікті қолдау құрылымы, ғылым, кәсіпкерлер

одақтары мен ассоциацияларының басшылары енгізіледі.

9. Комиссияның жұмыс органының міндеттері экономика бөліміне жүктеледі.

10. Комиссияның жұмыс органы:

1) комиссия отырысының күн тәртібін жасайды;

2) комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;

3) комиссия мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

11. Комиссия отырыстарында қаралуға тиісті мәселелер тізбесі қажеттілігіне қарай жасалады және төраға бекітеді.

12. Бекітілген тізбе комиссия мүшелеріне тізім бойынша жіберіледі.

13. Комиссия отырыстарының нәтижелері бойынша хаттама жазылады, оған төраға қол қояды. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оған комиссия мүшелерінің жалпы санының басым бөлігі дауыс берсе қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

14. Комиссия шешімдері ұсынымдық тұрпатта болады.

15. Комиссия мүшелері ерекше пікір айтуға құқылы, ондай пікір болған жағдайда жазбаша түрде мазмұндалып комиссия хаттамасына қосымша берілуге тиіс.

16. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кем дегенде бір рет өткізіледі және комиссия төрағасының шақыруымен жүргізіледі. Жедел шешім қабылдау қажет болған жағдайда төрағаның шақыруымен комиссияның кезектен тыс отырысы өткізілуі мүмкін.

17. Комиссия төрағасының шақыруымен комиссия отырыстарында мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары және басқа да лауазымды тұлғалар, кәсіпкерлер мен өтініштері қаралатын қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысуы мүмкін.